

 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

жасау

сату

рәсімдеу

сатып алу

сыйға тарту

куәландыру

сыйға алу

бас тарту

атына аудару



Менің	$\left. \begin{array}{l} \text{етістік +} \\ \text{(ғы, -гі,} \\ \text{-қы, -кі)} \end{array} \right\}$	-м	$\left. \begin{array}{l} \\ \\ -ңыз, -ңіз \\ -сы, -сі \end{array} \right\}$	келеді
Сенің		-ң		
Сіздің				
Оның				



Менің келісімшарт жаса + **ғы** + м келеді.
 Сенің келісімшарт жаса + **ғы** + ң келе ме?
 Сіздің келісімшарт жаса + **ғы** + ңыз келе ме?
 Оның келісімшарт жаса + **ғы** + сы келеді.



2. Қажетті қосымшаларды жазыңыз.

-ғы, -гі, -қы, -кі

Менің { ал + _____
куәландыр + _____
бер + _____
сатып ал + _____
кездес + _____ } келеді. Сіздің { бас тар + _____
сыйға тарт + _____
атына аудар + _____
куәландыр + _____
рәсімде + _____ } келе ме?



3. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Етістік+(-ғы, -гі, -қы, -кі) + жіктік жалғауы

Менің өсиеттерді куәландыр + _____ келеді.

Сіздің сенімхатты куәландыр + _____ келе ме?

Нотариустан құжат көшірмесін _____ келеді.

Сіздің өтініштегі қолдың түпнұсқалығын _____ келе ме?

Сенің мұрадан бас _____ келе ме?

Менің келісімшарт _____ келеді.



4. Оқыңыз. Есте сақтаңыз.

– Қандай келісімшарт куәландырғыңыз келеді?

– Сіздің жер телімін
сатқыңыз келе ме?

– Пәтерді сатып
алғыңыз келе ме?

– Қаншаға сатқыңыз келеді?

– Үйіңізді сыйға
тартқыңыз келе ме?

– Кімнің атына
рәсімдегіңіз келеді?

– Қаншаға сатып алғыңыз келеді?



5. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

- Қандай келісімшарт _____ келеді?
- Пәтерді _____ келе ме?
- Сіздің жер телімін _____ келе ме?
- Үйіңізді сыйға _____ келе ме?
- Қаншаға _____ келеді?
- Қаншаға _____ келеді?
- Қай банктегі шотты басқаруға сенімхат _____ келеді?
- Қалай төлем _____ келеді?
- Мұрадағы өз үлесіңізден _____ келе ме?



6. Сәйкестендіріңіз.

– Қандай келісімшарт

– Пәтерді сатып алғыңыз

– Сіздің жер телімін сатқыңыз

– Үйіңізді сыйға тартқыңыз

– Қаншаға сатқыңыз

– Қаншаға сатып алғыңыз

– Қай банктегі шоттарыңызды
басқаруға сенімхат

– Қалай төлем

– Мұрадағы өз үлесіңізден
бас тартқыңыз

келе ме?

жасағыңыз келеді?

келеді?

келе ме?

куәландырғыңыз келеді?

келе ме?

келеді?

келе ме?

алғыңыз келеді?



7. Үлгінің көмегімен сұрақтарға жауап жазыңыз.

- Келісімшарт куәландырғыңыз келе ме?
- Менің келісімшарт куәландырғым келеді.

— Қаншаға сатқыңыз келеді?

— _____.

- Пәтерді сатып алғыңыз келе ме?

- _____.

- Мұрадағы өз үлесіңізден бас тартқыңыз келе ме?

- _____.

- Сіздің жер телімін сатқыңыз келе ме?

- _____.

- Қаншаға сатып алғыңыз келеді?

- _____.

- Үйіңізді сыйға тартқыңыз келе ме?

- _____.

- Сенімхат алғыңыз келе ме?

- _____.